



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

13. Иоффе О.С. Советское гражданское право. Курс лекций; Для юрид. ин-тов и фак. В 3-х ч. Ч.1. – Л.: Просвещение, 1958, 379 с.
14. Синайский В.И. Русское гражданское право. Общая часть. Вещное право. Авторское право. – Киев, 1917. 68 с.
15. Агарков М.М. Обязательство по советскому гражданскому праву // Избранные труды по гражданскому праву. В 2 т. Т. 1. – М.: АО «Центр ЮрИнфоР», 2002, 195 с.
16. См.: Иоффе О.С. Спорные вопросы теории гражданского правоотношения // Избранные труды по гражданскому праву. – М.: Статут, 2000, С. 678.
17. Новицкий И.Б., Лунц Л.А. Общее учение об обязательстве. – М.: Просвещение, 1950, 200 с.
18. Советское гражданское право: Учебник. В 2-х томах. Т. 1 / Илларионова Т.И., Кириллова М.Я., Красавчиков О.А. и др.; под ред. О.А. Красавчикова. 3-е изд., испр. и доп. – М.: Высшая школа, 1985, 277 с.

УДК 347.965.42

МЕДИАЦИЯ – ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАУЛАРДЫ ШЕШУДЕГІ МАҢЫЗДЫ ИНСТИТУТ

Тұрсынғали Мархабат Тұрсынғалиқызы

mocka.tm@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультетінің 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Т. Төлеубеков

Елімізде құқықтық дауларды медиация жолымен шешу институты айтарлықтай жақын арада пайда болды. 2011 жылдың 28 қаңтарының «Медиация туралы» Заңы сот ісін тиімді жолмен шешуге мүмкіндік берді [1]. Алайда, қазіргі таңда қоғам бұл жаңа институтқа сенім білдіре бермейді. Сондықтан, медиацияның мәні мен мүмкіндіктерін халыққа таныстырып, қолданылуын кеңейту зор маңызға ие болу керек.

Жалпы, елімізге бітімгершілік ұғымы жат емес. Халықтағы қандай да бір дауларды билер шешіп отырған. Олар да медиаторлар сынды үшінші тарап болып, екі жақтың да мүдделерін қанағаттандыратын шешімге келтірген. Содан, медиацияны билер институтының жалғасы деп айтуға болады.

Медиация ұғымы (лат. *mediatio* – делдалдық, ағыл. – *mediation*) – бұл делдалдың қатысуымен тараптарды татуластыру, тараптарға өзара тиімді шешімге келуге болатын және әріптестік, іскерлік қарым-қатынастарды дамытуға жәрдемдесетін дауды реттеу рәсімі.

Негізгі медиация қағидаттарына мыналар жатады:

- бір-біріне деген сыйластық білдіру;
- бір-бірін тыңдай білу;
- міндетті түрде құпиялықты сақтау [2, 157 б.].

Халықаралық құқық қолдану практикасын зерттеу медиация институтының басқа дауларды шешу нысандарымен салыстырғанда прогрессивті даму үстінде екендігін көрсетті. Сондықтан, оны еліміздің тәжірибесіне енгізу қажеттілігі туындады. Ерекше бітімгершілікке келу ретіндегі медиацияның мағынасы дауды шешіп, қоғамды жаңа демократизм деңгейіне жеткізу, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамды жетілдіруде. Халықаралық санаққа жүгінетін болсақ, медиация арқылы бүкіл келіспеушіліктердің 30 – 40 пайызы өтеді, сонымен қатар ойдағыдай нәтижеге оның 85 пайызы ие болады. Бұндай жетістікке жетудің өзі кездейсоқтық емес, себебі медиация бір шешімге келу мүмкіндіктері тәмамдалды деген жағдайларында да өз шешімін тауып, көптеген қаржылық шығындарға ұшырамай, және де бос уақытты шығын қылмай, жақсы достық, серіктестік, қарым-қатынастарды сақтап қалумен қатар абыройға кір келтірмеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі кездегі медиацияның отаны АҚШ болып табылады. 2005 жылдан бастап АҚШ-та бірыңғай медиация туралы заң заңды күшіне ие. АҚШ медиациясының ерекшелігі – оның белгілі бір жағдайларда міндетті түрде қолданылуы. Мысалы, кейбір штаттардың (атап айтқанда, Калифорнияның) заңнамасында соттар некені бұзу туралы істерді тек медиация тәртібінен кейін ғана қарастыратыны белгіленген. Г. Мет атап өткендей, 1982 ж. АҚШ-та отбасылық медиациямен айналысатын 300-ден астам жеке тұлғалар мен ұйымдар жұмыс жасаған [3, 67 б.].

Оның басқа дауды шешу тәсілдерінен негізгі айырмашылығы – онда мемлекеттік органдардың қатысуы талап етілмейді. Бірақ, ол елімізге жаңадан еніп жатқандықтан, азаматтар мен заңды тұлғалар үшін дауды шешу тәртібінің үйреншікті жолын өзгерту қиын.

Медиацияны жүргізу кезінде: жария жазба/хаттама жүргізілмейді. Сонымен қатар, сот талқылауындағы "ұтыс — жеңіліс" стратегиясы қолданылмай, шешім "жеңіс — жеңіс" ретінде шығады. Х. Бесемер айтқандай, "уағдаластықтың нәтижесінде "барлығы да жеңу" керек.

Медиатордың судьядан айырмашылығы – ол тараптармен болатын келіссөздерге кез келген уақытта, кез келген жерде қатыса алады. Ал судьяға араласпаушылық принципі бойынша мұндай келіссөздерге қатысуға заң бойынша рұқсат етілмейді. Сонымен қатар, соттарда істер айлап қаралатын болса, медиаторға 30 күн беріледі. Тараптар келісімге келгеннен кейін іс сотта бейбіт келісім ретінде мақұлданады. Қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстық істер бойынша жәбірленушіге мүдделі жақ келтірген залалдың орнын толтыру туралы екіжақты келісімге келетін болса, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 68-бабы бойынша іс тоқтатылады. Сонымен бірге, медиатордың қызметі кәсіпкерлік болып саналмайды. Яғни, басқа да қызмет түрлерімен айналыса алады. Оларға еңбекақы жұмыс ауқымына қарай тараптармен келісу арқылы төленеді.

Негізінен, медиацияның басты мақсаты – өзара тиімді әрі өзара қолайлы келісімге келу. Ең алдымен, медиация процедурасы уақытты өте үнемді пайдалануға бағытталған. Медиацияның кең қолданылу аясы да оның негізгі артықшылықтарының бірі. Медиатор отбасыаралық, ұйымаралық, экономикалық және жеке дауларды қарастыра алады. Бүгінгі таңда ол отбасылық салада, әсіресе, ажырасу, сондай-ақ, мұраны бөлу кезінде, көршілер арасындағы келіспеушілікті шешуде, экономикалық және еңбек даулары кезінде, қоршаған ортаны қорғау мәселелерімен байланысты дауларды шешуде, кінәлі мен зардап шегушінің арасындағы бітімгерлік келісімдер кезінде пайдалану тиімді болмақ. А. Ю. Гудкова атап өткендей, медиация меншікті бөлу, ерлі-зайыптылар, ата-аналар мен балалар арасындағы дауларды шешуде, еңбек дауларын шешуде өте тиімді [4, 61 б.]. Бұл институт барлығы үшін қолжетімді және қолайлы.

Тараптар дауды медиация тәсілімен реттеуді таңдау кезінде мемлекеттік баж салығын төлеу және заңды фирмаларға сотта өкілдік ету үшін қаламақы төлеуде үнемдейді. Медиация қызметін төлеу мөлшері делдал мен тараптар арасында анықталады.

Сонымен қатар, істі шешу кезінде медиатор тек заңнаманы ғана негізге алмай, тараптардың өзара қарым-қатынасы мен мүдделерін ескере отырып, мораль мен парасаттылық нормаларына, сондай-ақ білімі мен жеке тәжірибесіне де сүйенеді. Өйткені, медиатор міндетті түрде заңгер болуы тиіс емес. Ол бухгалтер, психолог, педагог, тіпті философ болуы мүмкін. Медиацияның ең негізгі артықшылықтарының бірі - оның іс жүргізілу рәсімінің құпиялылығы болып табылады, яғни не болғаны, не айтылғаны құпия болып қалады. Сонымен қатар құпиялы болып табылатын медиатормен жазылған ақпараттар, іс жүргізілу рәсімінің құжаттары мен материалдары жойылады. Медиацияның жабық түрде өтуі де тараптар үшін зор маңызға ие болуы мүмкін. Бұл белгілі бір жеке немесе ұйымдық құпиялардың сақталуына әсер етеді.

Алайда, медиация институтының дамуын тежейтін кейбір мәселелер туындайды. Мысалы:

- медиацияның жаңадан енуі;

- медиаторлардың аздығы;
- кәсіби медиаторлардың жарнамасының аздығы;
- халық арасында аз қолданылуы;
- медиация рәсімін сотқа дейінгі жүргізілуінің міндетті еместігі;
- қоғамдағы қарым-қатынастардың шиеленісуі;
- тараптардың медиация туралы хабардар болмауы;
- медиаторға сенімсіздік.

Яғни, берілген мәселелерді шешу арқылы дауды бейбіт жолмен шешудің медиация институтының даму деңгейін жоғарылатуға болады.

Қорыта келгенде, қолданыстағы Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы аты бөлек болғанымен қазақ құқығы үшін жат дүние емес. Қазақ халқы үшін бітімгершілік – билік айтудың ең озық өнегесі. Токсан рулы елдің дауларын тоғыз ауыз сөзбен түйіндеп, татуластырып отырған дана бабаларымыздың бітімгершілік саясаты егеменді елімізде жаңа серпінмен қолға алынуы құптарлық жайт. Қазақстан Республикасында «Медиация туралы» Заңның қабылдануы өркениет көшіне батыл бет түзеген біздің қоғамымызда оң өзгерістердің жүзеге асырылып жатқандығының айқын көрінісі екендігін айғақтайды. Медиацияның заңдық бекітілуі сот жүйесін қайта қалыптастыруда алға жасалған прогрессшіл қадам деп есептеуге толық негіз бар. Медиация тез арада дауды шешіп, дауласушыларды бейбітшілік пен ымыраластыққа бағыттайды. Медиация - бұл жаңа бірлесіп әзірленген ереже бойынша өмір сүрудің бастамасы. Сондықтан, азаматтық қоғамның әлеуметтік және құқықтық дамуына әсер ететін медиация институтын дамытып, халыққа жария етіп, қолданысқа енгізген жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы. 28.01.2011ж.
2. Зайков А.Ф., Разаматов Ш.К. Процедура медиации как средство реализации адвокатом внесудебного порядка разрешения спора // Известия вузов. – 2015. – № 3. – С. 157
3. Мурзанова Е.А. Медиация — способы и задачи урегулирования споров: опыт зарубежных стран // Вестник Волжского университета имени В.Н. Татищева. – 2016. – № 4. – С. 67
4. Ковалева Е.А., Живов Т.А., Медиация и суд: соотношение судебной защиты прав и реализация их в процедуре медиации // Научный поиск. – 2015. – № 1.5. – С. 60-63

УДК 347.918 (574)

АРБИТРАЖ КАК АЛЬТЕРНАТИВНЫЙ СПОСОБ РАЗРЕШЕНИЯ КОММЕРЧЕСКИХ СПОРОВ В КАЗАХСТАНЕ: ВОПРОСЫ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ

Тюлюбаева Дана Амангалеевна

Tyulyubaeva_dana@mail.ru

студентка 3 курса юридического факультета КГУ им. А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Научный руководитель – С. Демежанова

16 апреля 2016 года вступил в силу Закон Республики Казахстан «Об арбитраже», который вызвал оживленную дискуссию в среде теоретиков права и практикующих юристов. Для того чтобы разобраться в юридических тонкостях данных дискуссий и их практических последствиях необходимо в первую очередь осветить значение арбитража в системе разрешения коммерческих споров и защиты гражданских прав, а затем уже перейти к конкретным положениям Закона РК «Об арбитраже», которые неоднозначно трактуются представителями теоретической и практической юриспруденции. Еще в 2005 году в своем Послании народу Казахстана об основных направлениях внутренней и внешней политики Н.А. Назарбаев, говоря о перспективах полномасштабной реформы судебной системы,